

**СИЫРДЫҢ ІРІҢДІ ЖЕЛІНСАУЫНДА «ПЕНОСЕПТ»
ПРЕПАРАТЫН КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ҚОЛДАНУ**

Р. М. Бисенғалиев, а.-ш. ғалымдарының кандидаты
Л. Ж. Душаева, А. Г. Дарменова магистрантар

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Берілген мақалада сиырдың іріңді желінсауы кезінде «Пеносепт» препаратын кешенді түрде қолданылуы, жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып емдеу тиімділігінің 96,6 % дейін оң нәтиже көрсеткені анықталды. Препараттың ерекшелігіне байланысты сиырлардың іріңді желінсауын емдеуде оң көрсеткіштер көрсетеді.

В данной статье описываются результаты использования препарата «Пеносепт» при лечении гнойного мастита у коров. Эффективность данного препарата по полученным результатам исследований достигает 96,6 %-го положительного результата, особенность препарата соответствует лечению гнойного мастита.

The results of «Penosept» preparation use against cows' suppurative mastitis are given in the article. The efficiency of this preparation according to obtained researches results had reached 96.6 per cent of positive result; the peculiarity of the preparation corresponds to suppurative mastitis treatment.

Қазіргі таңда еліміздің тәуелсіздігін дамытып, мал шаруашылығын дамыту арқылы экономикасын жоғары деңгейге жеткізу, сонымен қатар Қазақстан дамыған елу елдің қатарына ену үшін, сапалы тауарлар мен өнімдерін шығарылуын көздеп отыр.

Мал санын көбейтіп, сүт және ет өнімділігін жоғарлатуды тежеуші мәселелердің бірі сиырлардың акушерлік-гинекологиялық аурулары, соның ішінде кең тарағаны желінсаулар.

Негізінен желінсаудың қабынуында сүтті бағыттағы сиырларда жиі кездеседі. Қазіргі таңда желінсау қабынуын емдеу бағытында көптеген әдістер мен дәрілік заттар ұсынылып отыр. Сол себептен де дәрігерге ең тиімдісін табу қиынға соғады. Қабыну үрдісінің пайда болу себебін уақтылы анықтаған жағдайда ғана тиімді нәтиже береді. Кей жағдайда желінсаудың кейбір түрлері емдік шараларын қолданбай-ақ жазылатыны мәлім.

Жалпы алғанда сиырларда желінсаудың себебі гигиеналық-санитарлық жағдайдың таза сақталмауынан, сауын аппараттарын жиі қолдану, желінге механикалық зақым келу әсерінен пайда болады.

Сонымен қатар түрлі негізде құралған түрлі дозадағы әртүрлі комбинациялық препараттар қолданылуы ұсынылған, оларды ерекше атайды: дифурол-А, мастикур, мастисан-А, мастисан-Б.

Жиі қолданатын емдеу түрлері салқын басу және жылу басу, соллюкс лампасы, гальванотерапия әдістері қолданғанда оң нәтиже береді [1].

Желінсаумен күресудегі туғызатын басты қиыншылық желін бездерінің қабынуының клиникалық белгілерінің пайда болғанға дейін дами түсетіндігінде.

Сондықтан желін безінің қабыну сатысын уақтылы анықтап, емдеу әдістерін қолдану үшін секретін бірнеше балау әдістерін жүргізледі. Ерте формасында клиникалық белгілері мүлдем көрінбейді, сондықтан айына бір рет сауынға дейін немесе кейін алып зерттеулер жүргізіледі. Зертханалық балау секретін физико-химиялық қасиетін мен биологиялық өзгерістерімен, құрамында соматикалық жасушалардың (лейкоциттер, эпителиальді жасушалар) өсу, лактозаның деңгейі жоғарлағаны анықталды.

Тәжірибелік жүзіеде:

Аталмыш жұмысымыз 2006-2008 жылдары Батыс Қазақстан облысы Таскала ауданы Атамекен ауылында ТОО «Ізденіс»-тің шаруашылық жағдайында және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Жұқпалы емес аурулар» кафедрасының лабораториясында және Университетіміздің ветеринарлық клиникасында жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижелері баяндалуда.

Зерттеу объектілері ретінде қазақтың ақбас тұқымы, симменталь тұқымы пайданылған болатын. Жануарлар жайылымдық және тұрақтық ұстау әдістерінде болды. Зерттеуге жалпы алғанда тоғыз сиыр алынған болатын, оларға бірқатар 10 % мастидин, 5 % димастин, сынаманы тұндыру сияқты зерттеу жұмыстары жүргізілген болатын.

Алдымен мал басына клиникалық зерттеуден өткізіп, физиологиялық жағдайларына жалпы сипаттама берілген болатын.

ТОО «Ізденіс» тің шаруашылық жағдайында сиырларға

➤ 10 % мастидин ерітіндісін қолдану арқылы:

Әрбір сиырдың сүті зерттелінді. Сүтті-бақылау пластинкаларының түбіне 1 мл сүт және 1 мл мастидин салып, 15-20 секунд ағаш, пластмасса немесе шыны таяқшамен араластырамыз. Лейкоциттер санның ұлғаюына байланысты реакция соңында сарғыш ірімтіктер пайда болады. Ал егер бір қалыпты сұйықтық болса реакция теріс деп есептелінгені. Оң реакция кезінде мөлдір ірімтіктер (әлсіз, тығыз емес) пайда болады. Теріс реакциясы кезінде бірқалыпты ботқа тәріздес болады [2].

➤ 5 % -ті димастин қолдану арқылы:

Желін безінің альвеолярлық секретін (сүт) зерттеу үшін желіннің әр төрт үрпісінен жеке-жеке сүт алынады. Зерттеуді сауыннан кейін жүргізеді. Сүтті-бақылау пластинкаларының түбіне орналасу реті бойынша 1 мл сүт алынады. Оған 1 мл 5 %-ті димастин немесе 2 %-ті мастидин ерітіндісі қосылады. Қосындыны 30 секунд таяқшамен араластырамыз. Сүттің реактивпен әсері нәтижесінде түсі өзгерсе, онда балаулық мағынасы жоқ болады.

Зерттеу жұмыстары аяқталғаннан соң пластинкаларды мұхият жуып, құрғатамыз келесі зерттеуге дайын тұруы үшін [3].

Сынаманы тұндыру: Бұл зерттеуге біз димастин мен мастидинге оң реакция көрсеткен сүтті ғана аламыз. «Жұқпалы емес аурулар» кафедрасының лабораториясында үш пробиркаға 10-15 мл сүтті алып, 16-18 сағатқа салқын жерге қоямыз. Екінші күні нәтижелерін күннің жарығында салыстырамыз. Сүттің түсіне, тұну дәрежесіне, май қабатының көрінісіне көңіл бөлеміз. Нәтижелерін дәптерге бекітеміз. Іріңді желінсаумен ауырған сиырдың түсі сарғыш, тұнба пайда болады. Кей жағдайда су тартқан, май қабаты жұқа, кілегейлі, ірімдіктері байқалады.

Сүт сынамаларын тұндырудағы басты мақсаты тұнба пайда болуын зерттеу. Оның биіктігі 0,1 см және оданда көп болуы мүмкін. Мұндай сүт берген сиырды желінсауға шалдыққаны анықталып, басқа малдардан оқшауланады [4].

Өзіндік зерттеу нәтижелері: Соңғы кезеңдерде желінсауды емдеуде көптеген антибиотиктер кеңінен қолданылып жүр. Бұл препараттар ағзада ұзақ уақыт бойы сақталып, желіннің сау бөліктерінен сүт арқылы бөлініп, иммуногенез процесіне кері

әсерін тигізіп, адамдар мен төлдерде аллергия тудырып, дезбактериоз дамуына әсер етеді.

Антибиотиктердің майлы түрлерін желін ішіне енгізгенде сүт жолдары жолдарының эпителиімен альвелаларын бұзып, желіннің емделген бөліктерінің гипогалактикасы мен агалактикасына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Антибиотик препараттардың кейбіреулеріне желінсау қоздырғыштарының резистенттілігі жоғары болып отыр. Жоғарыдағы баяндамаға байланысты біздің мақсатымыз сиыр желінсауы ауруын антибиотиктерсіз емдеудің тиімді және арзан әдістерін қарастыру.

Сиырдың желінсауын алдын ала болдырмау үшін күрес шараларының басты бағыты болып химиотерапиялық препараттарды емдік өсімдіктерге осылған комбинациясына негізделген ғылыми зерттеулер болып саналады.

Осы мақсатта біз жаңа көбік шығаратын пеносепт препаратының тиімділігін анықтадық. Бұл препарат Киров қаласындағы «Фармакс» – фирмасының ғылыми қызметтерлерінің тапқаны [5].

Пеносепт – бұл кейбір микробқа қарсы майлы лайқы және екі үйлі крапива экстрактасының қосындысы. Тәжірибе жүзінде дәлелдегеніміз 10 мл лайқы ылғалмен қосылғанда 200 мл көбік шығаратын, ал крапива экстрактасы утеростимульдеуші әсер береді.

1-Кесте – Іріңді желінсауды пеносепт препаратымен емдеу жұмысының тиімділігі

Көрсеткіш	Топтар		
	Тәжірибе тобы. (Пеносепт)	Тәжірибе тобы (10 %-мастидин)	Тәжірибе тобы (5 %-ті димастидин)
Малдың саны , бас	10	10	10
Соның ішінде емделген бас,%	10 (100)	8 (90)	8 (90)
Қайталып енгізу мерзімі	3,3	4,2	4,1
Емдеу уақыты, күн	6,8	10,3	12,8

Ол альвеоладағы эксудаттардың тез бөлініп шығуына әсерін тигізеді. Іріңді желінсау кезінде препараттың терапевтикалық тиімділігін анықтау үшін 30 сиыр алдық. Олардың 10-ы катаральді, 10-ы іріңді катаральді және 10-ы іріңді желіндері қабынған. Пеносепті желінсаумен ауыратын сиырларға желін үрпісі арқылы тәулігіне бір рет таңертеңгі сауыннан кейін 10 мл енгіздік. Кейін желін ширегіне қысқа мерзімде массаж жасадық, оның себебі тезірек көбіктеніп және альвеолаларға көбік тепе-тең бөлінуі үшін.

Емдеу жұмыстарының нәтижесінде 29 бас сиыр желінсаудан жазылды немесе 96,6 %. Орташа қайталап енгізу – 3,13 рет.

Терапевтикалық тиімділік салыстырмалы түрде анықтау үшін 10 бастан үш топ құрдық. Негізгі басты препарат ретінде 10 % – мастидин ерітіндісін қолданып микробтарға қарсы ертіндіні қолдандық. Қабыну үрдісінің өту түріне қарай препаратты нұсқауға сай желін цестарнасының ішіне 10 мл мөлшерінде күніне 1 рет енгізіп отырдық және 5 %-ті димастидин ерітіндісін желін үрпісіне тәулігіне бір рет таңертеңгі сауыннан кейін 10 мл енгіздік. Барлық емдеген малдар жазылды. Ең жақсы нәтиже бірінші топта болды. Бұл топқа пеносепт препараты қолданған. Емдеу жұмысына – 3,3 күн, ал екінші топқа 10 % – мастидин ерітіндісін қолданып, емдеу жұмысына – 4,2 және үшінші топқа 5 %-ті димастидин ерітіндісін қолданып, емдеу жұмысына – 4,1 күн кеткен.

Кестедегі мәліметтерді талқылай келіп мынадай тұжырымға келуге болады. Пеносепт препараты сиырдың ірінді-катаральді желінсауы кезінде емдеу жұмыстарына қолданғанда, емдеу уақытын қысқартуға болмайтындығына көз жеткізуге болады [6, 7].

Қазіргі таңда аландататын жайт жасырын желінсаудың уақтылы диагноз қою арқылы уақтылы емдеу әдістерін қолданғанда тиімді нәтижелер береді. Яғни, жасырын желінсау кезінде ешқандай клиникалық белгілері байқалмағандықтан, емдеу жұмыстарын жүргізу қиынға соғуда. Бірақ соған қарамастан ай сайын жүргізіліп отырған зерттеу және бақылау шараларын өзінің оң және тиімді нәтижелерін көрсетті.

Зерттеу жұмыстарын нәтижелерінің соңында мынандай қортындылар жасауға болады:

1. Желінсауға уақтылы диагноз қою арқылы тиімді нәтижелер алуға болады.
2. Ветеринарлық-гигиеналық, яғни санитарлық жағдайын, рационын, патогенді микрофлорасын қадағалау арқылы желінсауды алдын алудың басты шаралары болып табылады.
3. Желінсауға нақты диагноз қою барысында мастидин 10 %, димастин 5 % ертіндісін қолдану арқылы анықтау тиімді, себебі жеңіл және күрделі жұмыстарды қажет етпейді.
4. Емдеу әдісі бір бағытта ғана емес, кешенді түрде, яғни физиотерапия әдістерін , антибиотикотерапия, витаминотерапиямен қатар қолданған оң нәтиже береді деп ойлаймыз.
5. Пеносепт препаратын қолдану кезінде емдеу уақытын қысқартуға болмайтындығына көз жеткізуге болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Студенцов, А. П. Акушерство, гинекология и биотехнология размножения / А. П. Студенцов, В. С. Шипилов, В. Я. Никитин. – 7-е изд. – М. : Колос – 2000. – с. 256.
2. Шипилов, В. С. Практикум по акушерству, гинекологии и искусственному осименению с.-х. Животных / В. С. Шипилов, Г. В. Зверева, И. И. Родин, В. Я. Никитин – М.: Агропромиздат. – 1988. – с. 152.
3. Студенцов, А. П. Ветеринарное акушерство, гинекология / А. П. Студенцов., В. С. Шипилов., Л. Г. Субботина, О. Н. Преображеннский. – 6-е изд. перераб. и доп. – М. : Агропромиздат. – 1986. – с. 15.
4. Михайлов, М. И. Акушерская помощь животным / М. И. Михайлов, И. Я. Чистиков. – 3-е изд. – М. : Агропромиздат. – 1987. – с. 123-140.
5. Кленов, И. М. Ветеринарное акушерство, гинекология / И. М. Кленов. – Оренбург: Наука. – 2002. – с. 150-156.
6. Аллен, В. Э. Полный курс акушерства и гинекологии собак / В. Э. Аллен. – М.: Аквариум. – 2002. – с. 110-150.
7. Захаров, П. Г. Профилактика лечение гинекологических заболеваний / П. Г. Захаров. – М. : Колос. – 1989. – с. 50.